

Қалам алдым қолға қаным бұзылып,
Тарыққаннан көзден жасым тізіліп.
Күннен күнге қасіретім артады,
Жақсылықтан кетті күдер үзіліп.

Қайыршыдай қапшық салдық иінге,
Біз жатырмыз жан баспаған бүйірде.
Тарыққаннан енші алыстық тазалықтан,
Кір жуытпай жүрген дене киімге.

Жүріс қатты табан қалды тесіліп,
Мезгілімен демалыс жоқ шешініп.
Қайран төсек жататұғын күн қайда,
Еркін жатар екі аяқты көсіліп.

Құрғыр жаным сендей мықты көрмедім,
Сондадағы ажал жетіп өлмедім.
Құрығанша Гитлердей фашизм,
Ғұмыр жетсе таусылмайды ермегім.

Сағындырар туған ел мен өскен жер,
Сендерді ойлап ішке толды қайғы-шер.
Жер саясы Шұбаркөлдiң жағасы,
Көрінеді кірпідей боп бізге шөл.

Бізден сәлем Әбжан, Жақаң ағаға,
Әбдібек пен інім Сұлтан балаға.
Жалпы сәлем және дағы айтарсыз,
Қарындасым Бибісара жана да.

Хат жазамын Мизенбайдай жолдасқа,
Жақсы көрген ретінде жөн басқа.
Артта қалған семьяға көзің сал,
Екі талай жұмыс тұр ғой бір баста.

Бұл өлең жолдары соғыстан орал-
маған Аманбаев Жәлелдің елге жазған
хаты екен. Ал манағы әйел туған
қарындасы,

1930 жылдары Шымкент жаққа тұр-
мысқа шыққан Бибісара апай болып
шықты. Елге 35 жылдан кейін оралып
отырғанда соғыстан оралмаған ағасы-
ның өлеңі алдынан шықты.

деген жаламен 10 жылға бас бостан-
дығынан айырылып, Сібірге жіберіл-
ген. Сауатты азамат өзінің жазықсыз
сотталғанын әр деңгейдегі органдарға
жазып, ақыры 1940 жылы түрмеден
ақталып шығады. Елге оралған соң
бейбіт еңбекке араласады.

Арада жыл өтпей Ұлы Отан соғысы
басталады. Алғашқылардың бірі

айуандық жайлы арызданған. Кейін
тексеру барысында кей әскери бас-
шылардың неміс командованиесіне
қызмет жасауға бейімделіп, Совет
жауынгерлерін әскери дайындық
кезінде титықтатып, соғысқа жа-
рамайтындай жағдайға жеткізгені
анықталды. Осы жағдайды елге аман
оралған, Шұбаркөлде болған азамат-
тардың көбі айтады.

Көп жағдайда соғыста болған аза-
маттар соғыс жағдайын ғана айтады
да, соғыс өнеріне дайындық жайлы
жаза бермеген. Ал мына Жәлел аға
соғысқа кірместен-ақ қандай қиын-
дықты бастан өткергенін нақты, анық
жазып елге жеткізген.

Ардақты азаматтың қай жерде мерт
болғаны белгісіз. Соғыстан хабарсыз
кеткен. Тек артында елге жолдаған он-
шақты ауыз өлеңі қалды. Өзі кеткенде
жасқа толмай қалған Әнуарбекі азамат
болып, үйлі-баранды болды.

Өкінішке қарай бұл азамат та өмір-
ден ерте озды. Артында Тәйкен атты
жары, Қанат, Марат, Талғат, Данагүл,
Толқынай атты балалары қалды.

Қанаты Арқалық қаласының
Құрметті азаматы. Басқа балалары әр
салада еңбек етуде.

Қазақта “артында бар оңалар” деген
қанатты сөз бар.

Ел үшін аянбай еңбек жасаған,
жазықсыз жапа шеккен асыл ер



ТАРЫҚҚАННАН КӨЗДЕН ЖАСЫМ ТІЗІЛІП...

Аманбаев Жәлелдің Ұлы Отан соғысында шығарған өлеңдері

Осы өлең жолдарын айтып бола
бергенімде бір қартаң әйел «ой, ба-
уырым», деп дауыс салды. Мен сасып,
не істерімді білмей аңырып қалдым.
Тойда отырғанбыз. Бұл 1965 жылдың
жаз айы болатын. Тойда шулап отыр-
ған үй толы адам су сепкендей тына
қалды. Әлгі қария өксігін баса алар
емес. Кінәлі адамдай үрпиіп мен отыр-
мын. Әлден уақытта маған тақап, бұл
өлеңді қайдан үйрендің деп сұрады.
Мен «Қойшы досымның шешесінен
бесік тербеп ыңылдап айтып отыр-
ғанда жаттаған едім. Нұрсұлу әжем
жылап отырып айтатын» – дедім.

Енді осы өлең жолдары авторы-
на тоқталайын. Аманбаев Жәлел
Амангелді ауданында 1906 жылы
туған. Орта мектепті бітірген. Саяси
сауат ашу курстарын тәмамдаған са-
уатты азамат болған. Мұғалім, кейін
шаруашылыққа араласып, колхозда
басқарма, партия басшысы болған.
Осындай әр салада жемісті жұмыс
атқарып жүргенде 1937 жылдың
зұлматы бұл азаматтарды айналып
өтпеген. Шет ел тыңшысы деген жала
жабылып, қамауға алынған. Жылға
жақын азап пен аштықтан бұралып,
сот шешімін күткен. Ақыры тыңшы

болып соғысқа аттанады. Артында
ағайын-туысы, әйелі, жасқа толмаған
Әнуарбек атты ер баласы қалады.

Біздің Торғай, Қостанай аймағынан
әскерге шақырылған азаматтар-
дың көбісі осы өлең жолдарындағы
Челябидегі Шұбаркөл маңына дайын-
дыққа барған. Осы әскери дайындық
орталығы соғыс кезінде аса қатаң
режиммен қарапайым азаматтарды
соғыс өнеріне дайындаған. Әскери
дайындықтың қаталдығынан өлген,
соғыстан қашқан азаматтар болған.

Кейбір сауатты азаматтар қашып,
жоғарғы ставкаға Шұбаркөлдегі

Отан үшін опат болды. Артында
ағасы Әбдібектен тараған ұрпағы,
туыс-туғаны қалды. Ағайыны, елі есіл
азаматын ешқашан ұмытпақ емес.
Әбдібек әкеміз бен Нұрсұлу әжемізден
Сұлтан, Қойшы, Кенжебек атты бала-
ларымен Жыланшықта бірге тұрдық.
Сұлтан аға, Қойшы жолдас, Кенжебек
іні болды. Кәзір бұл кісілер Арқалық
қаласында тұрады.

ШӨПТІБАЙ БАЙДІЛДАҰЛЫ
Өлкетанушы
Арқалық қаласы